

Бюджеттік тәуекелдер туралы талдамалық есепті қалыптастыру қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің м.а. 2025 жылғы 27 маусымдағы № 61, Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2025 жылғы 30 маусымдағы № 330 бірлескен бұйрықтары және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2025 жылғы 25 шілдедегі № 41, Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 2025 жылғы 12 тамыздағы № 31 қаулылары.

Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің 53-бабының 2-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Ұлттық экономика министрі, Қазақстан Республикасының Қаржы министрі БҰЙЫРАДЫ және Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің Басқармасы, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Қоса беріліп отырған Бюджеттік тәуекелдер туралы талдамалық есепті қалыптастыру қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Бюджет саясаты департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бірлескен бұйрықтар мен қаулыларға қол қойылған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде оларды Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде орналастыру үшін жіберуді;

2) осы бірлескен бұйрықтар мен қаулыларды алғашқы ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бірлескен бұйрықтар мен қаулылардың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика, Қазақстан Республикасының Қаржы вице-министрлеріне, Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Төрағасының орынбасарына және Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасарына жүктелсін.

4. Осы бірлескен бұйрықтар мен қаулылар алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Қаржы нарығын реттеу және дамыту
Агенттігінің Төрағасы

_____ М. Абылкасымова

Қазақстан Республикасы
Ұлттық Банкінің Төрағасы

_____ Т. Сулейменов

Қазақстан Республикасының
Қаржы министрі

_____ М. Такиев

Қазақстан Республикасының
Қаржы нарығын реттеу және
дамыту Агенттігінің
Басқармасының
2025 жылғы 12 тамыздағы
№ 31, Қазақстан Республикасы
Ұлттық Банкінің Төрағасы
2025 жылғы 25 шілдедегі
№ 41, Қазақстан
Республикасының Қаржы
министрі 2025 жылғы 30
маусымдағы № 330 мен
Министрдің міндетін атқарушы
2025 жылғы 27 маусымдағы
№ 61 бірлескен қаулылары
мен бұйрықтарына
қосымша

Бюджеттік тәуекелдер туралы талдамалық есепті қалыптастыру қағидалары

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Бюджеттік тәуекелдер туралы талдамалық есепті әзірлеу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің (бұдан әрі – Бюджет кодексі) 53-бабының 2-тармағына сәйкес әзірленді және бюджеттік тәуекелдер туралы талдамалық есепті (бұдан әрі – талдамалық есеп) қалыптастыру тәртібін айқындайды.

2. Талдамалық есеп жыл сайын жоспарлы кезеңге арналған республикалық бюджет туралы заң жобасын әзірлеу кезінде қалыптастырылады.

3. Талдамалық есепте макроэкономикалық, квазифискалдық тәуекелдер, қаржы секторының тәуекелдері, мемлекеттік сектордың борыштық міндеттемелерімен, мемлекеттік-жекешелік әріптестік (бұдан әрі – МЖӘ), "толық бітіріп берілетін" құрылыс жобалары бойынша мемлекеттік міндеттемелермен байланысты тәуекелдер және басқа да ерекше тәуекелдер қамтылады және бюджеттік тәуекелдердің бюджеттік параметрлерге әсерін бағалау үшін қолданылады.

Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Премьер-Министрінің орынбасары – Ұлттық экономика министрінің 30.10.2025 № 113, ҚР Қаржы министрінің м.а. 31.10.2025 № 656 бірлескен бұйрықтарымен және ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 03.12.2025 № 82, ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 27.11.2025 № 76 қаулыларымен.

4. Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық даму болжамы, республикалық, мемлекеттік және шоғырландырылған бюджеттердің атқарылуы туралы, Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының (бұдан әрі – Ұлттық қор) қаражатын қалыптастыру және пайдалану туралы, бюджеттен тыс қорлар туралы есептер, мемлекеттік органдардың ресми статистикалық, ведомстволық және өзге де деректері,

ақпараттық базалар, уәкілетті органдар мен ұйымдардың сайттарында орналастырылған ақпарат талдамалық есепті әзірлеу үшін негіз болып табылады.

5. Талдамалық есеп бекітілуге жатпайды және Бюджет кодексінің 53-бабының 3-тармағына сәйкес бюджет саясаты жөніндегі орталық уәкілетті органның ресми интернет-ресурсында жарияланады.

6. Осы Қағидаларда пайдаланылатын негізгі ұғымдар:

1) бюджет саясаты жөніндегі орталық уәкілетті орган – бюджет саясаты, оның ішінде бюджет жүйесін дамыту саласында, мемлекеттік қаржыны басқару және кірістерді болжау, экономикалық саясат, инвестицияларды тарту саясаты, мемлекеттік-жекешелік әріптестік, мемлекеттік инвестициялық жобалар, бюджетаралық қатынастар, мемлекеттік және мемлекет кепілдік берген қарыз алу мен борыш, мемлекеттік активтерді басқару, Бюджет кодексінде белгіленген құзыреттер шегінде гранттар тарту және пайдалану саласында басшылықты, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген шектерде салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын орталық атқарушы орган;

2) бюджеттік тәуекел – орта мерзімді перспективада ішкі және (немесе) сыртқы экономикалық және (немесе) макроэкономикалық және басқа да факторлардың әсері салдарынан мемлекеттік қаржыны басқаруды қиындататын және бюджеттің шынайылығын төмендететін белгісіздік;

3) квазимемлекеттік сектор субъектілері – мемлекеттік кәсіпорындар, жауапкершілігі шектеулі серіктестіктер, акционерлік қоғамдар, оның ішінде мемлекет құрылтайшысы, қатысушысы немесе акционері болып табылатын Ұлттық әл-ауқат қоры, ұлттық басқарушы холдингтер, ұлттық холдингтер, ұлттық компаниялар, сондай-ақ еншілес, тәуелді және Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес олармен үлестес болып табылатын өзге де заңды тұлғалар әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры, Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры, "Астана" халықаралық қаржы орталығы органдарының, олардың ұйымдарының және қатысушыларының қызметі үшін жағдайларды қамтамасыз ететін коммерциялық емес ұйым;

4) мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобасы – "Мемлекеттік-жекешелік әріптестік туралы" Қазақстан Республикасының Заңына және Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасына сәйкес шектеулі уақыт кезеңі ішінде іске асырылатын және аяқталған сипатқа ие, мемлекеттік-жекешелік әріптестікті жүзеге асыру жөніндегі реттілікпен болатын іс-шаралар жиынтығы;

5) макрофискалдық стресс-тестілеу – елдің қаржы жүйесінің әртүрлі экономикалық және фискалдық күйзелістерге төзімділігін талдау және бағалау әдісі.

6) макроэкономикалық күйзелістер – экономикалық циклдің стандартты ауытқуларынан асып түсетін және ел экономикасына елеулі әсер ететін негізгі макроэкономикалық көрсеткіштердегі елеулі өзгерістер

7) ретроспективті талдау – соңғы 15 жылда Қазақстанның бюджеттік ұстанымдарына теріс ықпал еткен ірі сыртқы күйзелістердің сипаттамасы;

8) "толық бітіріп берілетін" құрылыс жобасы – "толық бітіріп берілетін" құрылыс туралы шарт негізінде жаңа өндірістерді құруды, жұмыс істеп тұрғандарын кеңейтуді және (немесе) жанартуды қоса алғанда, активтерді құруға және (немесе) дамытуға бағытталған дәйекті іс-шаралар жиынтығы.

Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Премьер-Министрінің орынбасары – Ұлттық экономика министрінің 30.10.2025 № 113, ҚР Қаржы министрінің м.а. 31.10.2025 № 656 бірлескен бұйрықтарымен және ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 03.12.2025 № 82, ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 27.11.2025 № 76 қаулыларымен.

2-тарау. Бюджеттік тәуекелдер туралы талдамалық есепті қалыптастыру тәртібі

7. Талдамалық есеп жоспарлы кезеңге арналған республикалық бюджет туралы заң жобасын әзірлеу кезінде мынадай тәртіппен қалыптастырылады:

1) орталық уәкілетті органдар, ұйымдар және квазимемлекеттік сектор субъектілері осы Қағидаларға 1, 2 және 3-қосымшаларға сәйкес ақпаратты жоспарланатын кезеңнің алдындағы жылдың 1 сәуірінен кешіктірмей бюджет саясаты жөніндегі орталық уәкілетті органға ұсынады;

Бюджет саясаты жөніндегі орталық уәкілетті орган ашық көздерде, оның ішінде Мемлекеттік мүлікті есепке алу саласындағы бірыңғай оператордың ресми сайтында орналастырылған қаржылық есептілікті пайдаланады.

Бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган осы Қағидаларға 1, 2-қосымшаларға және 3-қосымшаның 1, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 11 және 12-нысандарына сәйкес талдамалық есептің бөлімдеріне көрсеткіштердің болжамын және ұсыныстарын жоспарланатын кезеңнің алдындағы жылдың 1 сәуірінен кешіктірмей бюджет саясаты жөніндегі орталық уәкілетті органға ұсынады.

Бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган бюджет лимиттері қалыптастырылғаннан кейін осы Қағидаларға 3-қосымшаның 2-нысанына сәйкес шығыс көрсеткіштердің болжамын жоспарланатын кезеңнің алдындағы жылдың 3 тамызынан кешіктірмей бюджет саясаты жөніндегі орталық уәкілетті органға ұсынады.

Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын мемлекеттік реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті орган осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес талдамалық есептің бөлімдеріне ұсыныстарын жоспарланатын кезеңнің алдындағы жылдың 1 сәуірінен кешіктірмей бюджет саясаты жөніндегі орталық уәкілетті органға ұсынады.

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі осы Қағидаларға 1, 2-қосымшаларға (24-тармақты және 34, 35, 36 және 37-тармақтарда көрсетілген нысандарды қоспағанда)

және 3-қосымшаның 13, 14, 15, 16, 17 және 22-нысандарына сәйкес талдамалық есептің бөлімдеріне көрсеткіштерді жоспарланатын кезеңнің алдындағы жылдың 1 сәуірінен кешіктірмей бюджет саясаты жөніндегі орталық уәкілетті органға ұсынады.

Осы Қағидаларға 2-қосымшаның 34-тармағында көрсетілген 18-нысанды толтыру үшін бюджет саясаты жөніндегі орталық уәкілетті орган Қазақстандық депозиттерге кепілдік беру қорының өзінің ресми сайтында орналастырылған және жоспарланатын кезеңнің алдындағы жылдың 1 маусымынан кешіктірілмей жарияланған қаржылық есептілігін пайдаланады.

Осы Қағидаларға 2-қосымшаның 35, 36 және 37-тармақтарында көрсетілген нысандарды толтыру үшін бюджет саясаты жөніндегі орталық уәкілетті орган Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің өзінің ресми сайтында орналастырылған және жоспарланатын кезеңнің алдындағы жылдың 1 маусымынан кешіктірілмей жарияланған шоғырландырылған қаржылық есептілігін пайдаланады.

Егер жоспарланатын кезеңнің алдындағы жылдың 1 маусымына дейін Қазақстандық депозиттерге кепілдік беру қорының қаржылық есептілігі және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің шоғырландырылған қаржылық есептілігі ресми сайттарда орналастырылмаса, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі бюджет саясаты жөніндегі орталық уәкілетті органға осы Қағидаларға 2-қосымшаның 24-тармағына және 34, 35, 36, 37-тармақтарында көрсетілген нысандарға сәйкес нақты деректерді ұсынады.

2) бюджет саясаты жөніндегі орталық уәкілетті орган орталық уәкілетті органдар мен ұйымдардан алынған ақпарат, сондай-ақ мемлекеттік органдардың ресми статистикалық, ведомстволық және өзге де деректерінің негізінде талдамалық есепті қалыптастырады, оны 28 тамыздан кешіктірмей Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2016 жылғы 3 мамырдағы № 33-р өкімімен құрылған Экономикалық саясат жөніндегі кеңестің қарауына шығарады және республикалық бюджет туралы заң жобасының құрамында одан әрі Қазақстан Республикасының Парламентіне енгізу үшін ағымдағы қаржы жылының 31 тамызынан кешіктірмей бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органға жібереді.

8. Бюджет саясаты жөніндегі орталық уәкілетті орган ақпаратты сұрау салуды алған күннен бастап 10 (он) жұмыс күнінен кешіктірмей беру мерзімін белгілей отырып, талдамалық есепті әзірлеу үшін тиісті орталық уәкілетті органдардан және басқа да ұйымдардан қосымша ақпарат сұрайды.

9. Уәкілетті мемлекеттік органдар заңнамадан не шарттық қатынастардан туындайтын ақпаратты ашуға шектеулер болған жағдайда, осы Қағидаларға 1, 2 және 3 -қосымшаларда көзделген ақпаратты беруден бас тартады.

3-тарау. Талдамалық есептің құрылымы

10. Талдамалық есеп мынадай бөлімдерден және кіші бөлімдерден тұрады:

1) макроэкономикалық сценарийлер:

алдағы 5 (бес) жылға арналған кемінде 6 макроэкономикалық сценарийді сипаттамасымен бірге, базалық сценариймен алшақтықтарын талдаумен экономика үшін макроэкономикалық тәуекелдерді әзірлеуді;

әзірленген сценарийлер негізінде негізгі экономикалық айнымалыларды есептеуді: ЖІӨ-нің, экспорттың және импорттың нақты көлем индекcін қоса алғанда, түйінді макроэкономикалық айнымалыларға әсерді есептеуді қамтиды;

2) макроэкономикалық сценарийлердің республикалық бюджеттің кірістері мен шығыстарына әсері:

әсер етудің берілу тетіктерінің сипаттамасын;

макроэкономикалық сценарийлердің кірістерге әсерін;

макроэкономикалық сценарийлердің шығыстарға әсерін;

макроэкономикалық сценарийлерді іске асырудың мемлекеттік қаржы параметрлеріне әсерін есептеуді қамтиды;

3) квазимемлекеттік сектордың міндеттемелері мен тәуекелдерін талдау:

квазимемлекеттік сектор субъектілерін ретроспективті талдау, оның ішінде мемлекет субсидиялайтын қызмет, капиталдандыру бөлігінде, Ұлттық қордың, Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының және басқа да көздердің қаражаты есебінен кредиттеу, дивидендтер, салық аударымдары, преференциялар, кірістілік, жекешелендіру, борыштық қағаздар бойынша ретроспективті талдауды;

квазимемлекеттік сектордың республикалық бюджетпен, сондай-ақ квазимемлекеттік сектор субъектілері арасындағы өзара қарым-қатынастарды талдауды ;

Үкіметтің квазимемлекеттік сектор субъектілері алдындағы міндеттемелерін талдауды, квазимемлекеттік сектордың жиынтық қаржылық жағдайын талдауды, соңғы қаржылық нәтижелерді, қаржылық тәуекелдің түйінді көрсеткіштерін, мемлекетпен мәмілелерді және квазифискалдық қызметті талдауды;

квазимемлекеттік сектордағы бюджеттік тәуекелдерді сипаттауды, сондай-ақ халықаралық практикаға сәйкес есептеу модельдерін қолдана отырып, оның экономикалық күйзелістерге бейімділігін;

квазимемлекеттік сектор борышын талдауды және болжауды қамтиды;

4) қаржы секторындағы міндеттемелер мен тәуекелдерді талдау:

әлемдік дағдарыстардың қаржы секторы субъектілерінің көрсеткіштеріне әсері бөлігінде қаржы секторын ретроспективті талдауды;

Үкіметтің қаржы секторы алдындағы барлық айқын міндеттемелерін талдау, қаржы секторының мөлшерін;

Тәуелсіз аудиттелген есептілікті ескере отырып, қаржы секторының орнықтылығын қамтамасыз ету мақсатында мемлекеттік қолдауды талдауды;

қаржы мекемелерінің қиын жағдайлары кезеңінде мемлекеттік көмекке байланысты қаржы секторы тарапынан бюджеттік тәуекелдерді сипаттауды;

қаржы секторындағы тәуекелдерді талдау және бағалау. Қаржылық тұрақтылықты талдау негізінде қаржы жүйесінің сенімділігін бағалауды;

банктермен байланысты бюджеттік тәуекелдерді сипаттау. Қаржы мекемелерінің қиын жағдайлары кезеңінде (жасырын тәуекел) өтімділікті қамтамасыз ете отырып, банктік депозиттердің кепілдіктері жүйесімен (айқын тәуекел) байланысты тәуекелдерді сипаттауды;

проблемалық кредиттер туралы, банктердің мерзімі өткен кредиттерінің мөлшері, өтелмеген сомалар, кредитті қайта құрылымдау тарихы туралы ақпаратты ашуды қоса алғанда, жұмыс істемейтін активтерді іске асырудың мүмкін еместігіне байланысты және тиісінше Үкіметтің банктерді қаржылық қолдауға арналған қосымша шығыстарымен байланысты Проблемалық кредиттер қорының екінші деңгейдегі банктердің кредиттік портфельдерін жақсарту бойынша міндеттемелерін орындамауына байланысты тәуекелдерді сипаттауды;

банктердің баланстары әлсірген жағдайда Үкіметтің қаржылық қолдауға (құтқаруға) арналған қосымша шығыстарына байланысты тәуекелдерді сипаттауды қамтиды.

5) МЖӘ, "толық бітіріп берілетін" құрылыс саласындағы міндеттемелер мен тәуекелдерді талдау және бағалау;

МЖӘ жобаларын, "толық бітіріп берілетін" құрылыс жобаларын іске асыру барысында туындайтын мемлекеттің тікелей міндеттемелерін сипаттауды және талдауды;

МЖӘ келісімшарттары, "толық бітіріп берілетін" құрылыс жобалары бойынша мемлекеттің шартты міндеттемелерінің туындауына байланысты бюджеттік тәуекелдерді сипаттауды;

МЖӘ жобалары, "толық бітіріп берілетін" құрылыс жобалары бойынша мемлекеттің шартты міндеттемелерінің туындауына байланысты бюджеттік тәуекелдерді талдауды және бағалауды;

МЖӘ жобаларын, "толық бітіріп берілетін" құрылыс жобаларын іске асыру барысында тәуекелдерді азайту бойынша шараларды қамтиды;

6) мемлекеттік сектордың борыштық міндеттемелерінің, оның ішінде: мемлекеттік борыш, квазимемлекеттік сектор борышы, мемлекет кепілдік берген борыш бөлінісінде және экспортты қолдау бойынша тәуекелдерін талдау және бағалау:

мемлекеттік борыштың, мемлекет кепілдік берген борыш құрылымы бөлінісінде және экспортты қолдау бойынша мемлекеттің борыштық міндеттемелерінің ағымдағы жай-күйін;

мемлекеттің борыштар бойынша өз міндеттемелерін орындау қабілетін талдауды (бюджет кірісімен салыстырғанда борыш бойынша төлемдер көлемі);

жаһандық нарықтардағы ықтимал өзгерістерге байланысты мемлекеттік қарыз тәуекелдерін стресс-тестілеу, міндеттемелерді орындау және/немесе орындамау ықтималдығы және мемлекеттік бюджетке әсерін;

берілген мемлекеттік кепілдіктер бойынша ықтимал міндеттемелерді жабуға арналған Үкімет резервінің болуы мен жеткіліктілігін бағалауды;

қарыз алу кезеңін (қысқа мерзімді/ұзақ мерзімді) көрсете отырып, квазимемлекеттік сектор міндеттемелерінің ішкі/сыртқы борышқа бөлінуіндегі ағымдағы жай-күйіне шолуды;

квазимемлекеттік сектор борыштық жүктемесін төлем қабілеттілігі тұрғысынан талдау және бағалауды;

квазимемлекеттік сектор субъектілерін стресс-тестілеуді қамтиды;

7) өзіндік ерекшелігі бар тәуекелдер, оның ішінде: экологиялық тәуекелдер (қоршаған ортаға зиян келтіру), дүлей апаттар (су тасқыны, жер сілкінісі, көшкін, құрғақшылық және т.б.), пандемия (COVID-19 және т.б.) және басқалары.

Ескерту. 10-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Премьер-Министрінің орынбасары – Ұлттық экономика министрінің 30.10.2025 № 113, ҚР Қаржы министрінің м.а. 31.10.2025 № 656 бірлескен бұйрықтарымен және ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 03.12.2025 № 82, ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 27.11.2025 № 76 қаулыларымен.

11. Талдамалық есептің құрылымы, талдамалық есепті қалыптастыру үшін қажетті ақпарат пен көрсеткіштердің тізбесі, көрсеткіштердің нысандары осы Қағидаларға 1, 2 және 3-қосымшаларға сәйкес айқындалады.

12. Бюджет саясаты жөніндегі орталық уәкілетті орган тиісті кезеңге дәл болжау және жоспарлау үшін қажетті талдамалық ақпаратты кеңейту мен нақтылауды ескере отырып, талдамалық есептің құрылымын және онда пайдаланылатын көрсеткіштердің тізбесін өзгертеді.

4-тарау. Талдамалық есептің қалыптастырылуын әдіснамалық қамтамасыз ету

13. Орталық және басқа да мемлекеттік ұйымдардың талдамалық есепті әзірлеу кезіндегі қызметіне әдіснамалық басшылық ету мен үйлестіруді бюджет саясаты жөніндегі орталық уәкілетті орган жүзеге асырады.

14. Талдамалық есеп Халықаралық валюта қорының әдіснамалық тәсілді қамтамасыз етудегі техникалық көмек көрсетуі кезінде әзірленуі мүмкін.

15. Талдамалық есепті жасау кезінде Халықаралық валюта қорының экономикалық модельдері және экономикалық жүйенің басқа да модельдері пайдаланылады.

16. Талдамалық есепті жасау шеңберінде бағалауға арналған құралдар, сондай-ақ макрофискалды стресс-тестілеу жүргізу пысықталып, бұл нәтижелер одан әрі мемлекеттік қаржының макроэкономикалық күйзелістерге қатысты тұрақтылығын бағалау үшін пайдаланылады.

5-тарау. Талдамалық есепті мониторингтеу және бағалау

17. Талдамалық есепте көрсетілген тәуекелдер туралы ақпаратты жинау, талдау және жинақтап-қорыту мониторинг болып табылады.

18. Талдамалық есептің тәуекелдерін мониторингтеу тұрақты негізде жүзеге асырылады және оның нәтижелері мынадай:

1) бюджет саясаты жөніндегі уәкілетті орган жүзеге асыратын макроэкономикалық тәуекелдерді мониторингтеу;

2) мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті орган жүзеге асыратын квазимемлекеттік сектор тәуекелдерін мониторингтеу;

3) қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын мемлекеттік реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті орган, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі жүзеге асыратын қаржы секторындағы тәуекелдерді мониторингтеу;

4) бюджет саясаты жөніндегі уәкілетті орган жүзеге асыратын МЖӘ, "толығымен бітіріп берілетін" құрылыс жобалар саласындағы тәуекелдерді мониторингтеу;

5) бюджеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті орган жүзеге асыратын мемлекеттік сектордың борыштық міндеттемелері тәуекелдерін мониторингтеу;

6) тиісті уәкілетті орган жүзеге асыратын өзіндік ерекшелігі бар тәуекелдерді мониторингтеу бағыттары бойынша салық және (немесе) бюджет саясатының негізгі бағыттарын қалыптастыру, ұзақ мерзімді және орта мерзімді болжау, кезекті жоспарлы кезеңге бюджетті жоспарлау кезінде ескеріледі.

Ескерту. 18-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Премьер-Министрінің орынбасары – Ұлттық экономика министрінің 30.10.2025 № 113, ҚР Қаржы министрінің м.а. 31.10.2025 № 656 бірлескен бұйрықтарымен және ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 03.12.2025 № 82, ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 27.11.2025 № 76 қаулыларымен.

19. Уәкілетті органдар мониторинг нәтижелері негізінде осы Қағидалардың 18-тармағында көрсетілген бағыттар бойынша талдамалық есептің тәуекелдерін бағалауды жүргізеді.

20. Бағалау есепті кезеңде тәуекелдердің іске асырылуын талдау бөлігінде талдамалық есепке енгізу үшін жоспарланатын кезеңнің алдындағы жылдың 1 сәуірінен кешіктірілмей бюджет саясаты жөніндегі орталық уәкілетті органға ұсынылатын талдамалық жазбаны қалыптастыру жолымен есепті кезеңнің қорытындысы бойынша жылына бір рет жүзеге асырылады.

21. Талдамалық жазбада тәуекелдердің іске асырылуын бағалау нәтижелері, сондай-ақ оларды азайту бойынша шаралар қамтылады.

Талдамалық есептің құрылымы

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Премьер-Министрінің орынбасары – Ұлттық экономика министрінің 30.10.2025 № 113, ҚР Қаржы министрінің м.а. 31.10.2025 № 656 бірлескен бұйрықтарымен және ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 03.12.2025 № 82, ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 27.11.2025 № 76 қаулыларымен.

Р/с №	Бөлімнің атауы	Жауапты орындаушы
1.	Макроэкономикалық сценарийлер	ҰЭМ
1.1.	Алдағы 5 (бес) жылға арналған кемінде 6 макроэкономикалық сценарийді сипаттамасымен бірге, базалық сценариймен алшықтықтарын талдаумен экономика үшін макроэкономикалық тәуекелдерді әзірлеу	ҰЭМ
1.2.	Әзірленген сценарийлер негізінде негізгі экономикалық айнаымалыларды есептеу: ЖІӨ, экспорттың және импорттың нақты көлем индексін қоса алғанда, негізгі макроэкономикалық айнаымалыларға әсерді есептеу	ҰЭМ
2.	Макроэкономикалық сценарийлердің республикалық бюджеттің кірістері мен шығыстарына әсері	ҰЭМ, Қаржымині, ОМ, ҒЖБМ, ДСМ, Еңбекмині
2.1.	Әсер етудің берілу тетіктерін сипаттау	ҰЭМ
2.2.	Макроэкономикалық сценарийлердің кірістерге әсері	ҰЭМ
2.3.	Макроэкономикалық сценарийлердің шығыстарға әсері	ҰЭМ, Қаржымині, ОМ, ҒЖБМ, ДСМ, Еңбекмині
2.4.	Макроэкономикалық сценарийлерді іске асырудың мемлекеттік қаржы параметрлеріне әсерін есептеу	ҰЭМ
3.	Квазимемлекеттік сектордың міндеттемелері мен тәуекелдерін талдау;	ҰЭМ, Қаржымині, Самұрық-Қазына, Бәйтерек
	Квазимемлекеттік сектор субъектілерін ретроспективті талдау, оның ішінде мемлекет субсидиялайтын қызмет, капиталдандыру бөлігінде, Ұлттық қордың, Бірыңғай	

3.1.	жинақтаушы зейнетақы қорының және басқа да көздердің қаражаты есебінен кредиттеу, дивидендтер, салық аударымдары, преференциялар, кірістілік, жекешелендіру, борыштық қағаздар бойынша ретроспективті талдау	ҰЭМ, Қаржымині
3.1.1.	Квазимемлекеттік сектордың республикалық бюджетпен, сондай-ақ квазимемлекеттік сектор субъектілері арасындағы өзара қарым-қатынастарды талдау	ҰЭМ, Қаржымині, Самұрық-Қазына, Бәйтерек
3.1.2.	Үкіметтің квазимемлекеттік сектор субъектілері алдындағы міндеттемелерін талдау, квазимемлекеттік сектордың жиынтық қаржылық жағдайын талдау, соңғы қаржылық нәтижелер, қаржылық тәуекелдің түйінді көрсеткіштері, мемлекетпен мәмілелерді және квазифискалдық қызметті талдау	ҰЭМ, Қаржымині, Самұрық-Қазына, Бәйтерек
3.2.	Квазимемлекеттік сектордағы бюджеттік тәуекелдерді сипаттау, сондай-ақ халықаралық практикаға сәйкес есептеу модельдерін қолдана отырып, оның экономикалық күйзелістерге бейімділігі	ҰЭМ, Қаржымині
3.3.	Квазимемлекеттік сектор борышын талдау және болжау	ҰЭМ, Қаржымині, Самұрық-Қазына, Бәйтерек
4.	Қаржы секторындағы міндеттемелер мен тәуекелдерді талдау	ҰЭМ
4.1.	Әлемдік дағдарыстардың қаржы секторы субъектілерінің көрсеткіштеріне әсері бөлігінде қаржы секторын ретроспективті талдау	ҰЭМ, Қаржымині, ҚР ҰБ, ҚНРДА
4.1.1.	Үкіметтің қаржы секторы алдындағы барлық айқын міндеттемелерін талдау, қаржы секторының мөлшері	ҰЭМ, Қаржымині, ҚР ҰБ, ҚНРДА
4.1.2.	Тәуелсіз аудиттелген есептілікті ескере отырып, қаржы секторының орнықтылығын қамтамасыз ету мақсатында мемлекеттік қолдауды талдау	ҰЭМ, Қаржымині, ҚР ҰБ, ҚНРДА
	Қаржы мекемелерінің қиын жағдайлары кезеңінде мемлекеттік	

4.2.	көмекке байланысты қаржы секторы тарапынан бюджеттік тәуекелдерді сипаттау	ҰЭМ, Қаржымині, ҚР ҰБ, ҚНРДА
4.2.1.	Қаржы секторындағы тәуекелдерді талдау және бағалау. Қаржылық тұрақтылықты талдау негізінде қаржы жүйесінің сенімділігін бағалау	ҰЭМ, Қаржымині, ҚР ҰБ, ҚНРДА
4.2.2.	Банктермен байланысты бюджеттік тәуекелдерді сипаттау. Қаржы мекемелерінің қиын жағдайлары кезеңінде (жасырын тәуекел) өтімділікті қамтамасыз ете отырып, банктік депозиттердің кепілдіктері жүйесімен (айқын тәуекел) байланысты тәуекелдерді сипаттау	ҰЭМ, Қаржымині, ҚР ҰБ
4.2.3.	Проблемалық кредиттер туралы, банктердің мерзімі өткен кредиттерінің мөлшері, өтелмеген сомалар, кредитті қайта құрылымдау тарихы туралы ақпаратты ашуды қоса алғанда, жұмыс істемейтін активтерді іске асырудың мүмкін еместігіне байланысты және тиісінше Үкіметтің банктерді қаржылық қолдауға арналған қосымша шығыстарымен байланысты Проблемалық кредиттер қорының екінші деңгейдегі банктердің кредиттік портфельдерін жақсарту бойынша міндеттемелерін орындамауына байланысты тәуекелдерді сипаттау	ҰЭМ, Қаржымині, ҚР ҰБ
4.2.4.	Банктердің баланстары әлсірген жағдайда Үкіметтің қаржылық қолдауға (құтқаруға) арналған қосымша шығыстарына байланысты тәуекелдерді сипаттау	ҰЭМ, Қаржымині, ҚР ҰБ, ҚНРДА
5.	МЖӘ, құрылысы "толық бітіріп берілетін" жобалар саласындағы міндеттемелер мен тәуекелдерді талдау және бағалау	ҰЭМ, Қаржымині, КМ, ЭМ, ӨҚМ, ДСМ, АШМ, ОМ, МЖӘ орталығы
5.1.	МЖӘ, "толық бітіріп берілетін" құрылыс жобаларын іске асыру барысында туындайтын мемлекеттің тікелей міндеттемелерін сипаттау және талдау	ҰЭМ, Қаржымині, КМ, ЭМ, ӨҚМ, ДСМ, АШМ, ОМ, МЖӘ орталығы
	Мемлекеттің шартты міндеттемелерінің туындауына	

5.2.	байланысты МЖӘ, "толық бітіріп берілетін" құрылыс жобаларының келісімшарттары бойынша бюджеттік тәуекелдерді сипаттау	ҰЭМ, Қаржымині, КМ, ЭМ, ӨҚМ, ДСМ, АШМ, ОМ, МЖӘ орталығы
5.3.	МЖӘ жобалары, "толық бітіріп берілетін" құрылыс жобалары бойынша мемлекеттің шартты міндеттемелерінің туындауына байланысты бюджеттік тәуекелдерді талдау және бағалау	ҰЭМ, Қаржымині, КМ, ЭМ, ӨҚМ, ДСМ, АШМ, ОМ, МЖӘ орталығы
5.4.	МЖӘ жобаларын, "толық бітіріп берілетін" құрылыс жобаларын іске асыру барысында тәуекелдерді азайту бойынша шаралар	ҰЭМ, Қаржымині, КМ, ЭМ, ӨҚМ, ДСМ, АШМ, ОМ, МЖӘ орталығы
6.	Мемлекеттік сектордың борыштық міндеттемелерінің, оның ішінде: мемлекеттік борыш, квазимемлекеттік сектор борышы, мемлекет кепілдік берген борыш бөлінісінде және экспортты қолдау бойынша тәуекелдерін талдау және бағалау	ҰЭМ, Қаржымині, ҚР ҰБ, Самұрық-Қазына, Бәйтерек
6.1.	Мемлекеттік борыштың, мемлекет кепілдік берген борыш құрылымы бөлінісінде және экспортты қолдау бойынша мемлекеттің борыштық міндеттемелерінің ағымдағы жай-күйі	ҰЭМ, Қаржымині
6.2.	Мемлекеттің борыштар бойынша өз міндеттемелерін орындау қабілетін талдау (бюджет кірісімен салыстырғанда борыш бойынша төлемдер көлемі)	ҰЭМ, Қаржымині
6.3.	Жаһандық нарықтардағы ықтимал өзгерістерге байланысты мемлекеттік қарыз тәуекелдерін стресс-тестілеу, міндеттемелерді орындау және/немесе орындамау ықтималдығы және мемлекеттік бюджетке әсері	ҰЭМ, Қаржымині
6.4.	Берілген мемлекеттік кепілдіктер бойынша ықтимал міндеттемелерді жабуға арналған Үкімет резервінің болуы мен жеткіліктілігін бағалау	ҰЭМ, Қаржымині
6.5.	Қарыз алу кезеңін (қысқа мерзімді /ұзақ мерзімді) көрсете отырып, квазимемлекеттік сектор міндеттемелерінің ішкі/сыртқы борышқа бөлінуіндегі ағымдағы жай-күйіне шолу	ҰЭМ, Қаржымині, Самұрық-Қазына, Бәйтерек

6.6.	Квазимемлекеттік сектор борыштық жүктемесін төлем қабілеттілігі тұрғысынан талдау және бағалау.	ҰЭМ, Қаржымині, Самұрық-Қазына, Бәйтерек
6.7.	Квазимемлекеттік сектор субъектілерін стресс-тестілеу	ҰЭМ, Қаржымині, Самұрық-Қазына, Бәйтерек
7.	Өзіндік ерекшелігі бар тәуекелдер, соның ішінде: экологиялық тәуекелдер (коршаған ортаға зиян келтіру), дүлей апаттар (су тасқыны, жер сілкінісі, көшкін, құрғақшылық және т.б.), пандемия (COVID-19 және т.б.) және басқалар	ҰЭМ, ЭТРМ, ТЖМ, ДСМ, құзыреті бойынша мемлекеттік органдар

Ескертпе:

аббревиатуралар мен қысқартулардың толық жазылуы:

АШМ – Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі;

Бәйтерек – "Бәйтерек" ұлттық басқарушы холдингі" акционерлік қоғамы;

ҒЖБМ – Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігі;

ДСМ – Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі;

Еңбекмині – Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі;

ЖІӨ – жалпы ішкі өнім;

Қаржымині – Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі;

ҚНРДА – Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі;

МЖӨ – мемлекеттік-жекешелік әріптестік;

МЖӨ орталығы – "Қазақстандық мемлекеттік-жекешелік әріптестік орталығы" акционерлік қоғамы;

ОМ – Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігі;

ӨҚМ – Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және құрылыс министрлігі;

Самұрық-Қазына – "Самұрық-Қазына" ұлттық әл-ауқат қоры" акционерлік қоғамы;

ТЖМ – Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар министрлігі;

ҚР ҰБ – Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі;

ҰЭМ – Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігі;

ЭМ – Қазақстан Республикасының Энергетика министрлігі;

ЭТРМ – Қазақстан Республикасының Экология және табиғи ресурстар министрлігі;

КМ – Қазақстан Республикасының Көлік министрлігі.

